

Импортқа шығарылатын акцизделетін тауарларға арналған акциздердің ставкалары және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалар алып өтетін акциз салуға жатпайтын тауарлардың нормалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 шілде N 960. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.28. N 819 қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1995 жылғы 15 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларға арналған акциздердің ставкалары 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Акцизделуге жатпайтын акцизделетін тауарларды кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың алып өту нормалары 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Акцизделетін тауарларды алып өту нормалары "Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың жекелеген түрлеріне акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 сәуірдегі N 513 қаулысымен 1995 жылғы 25 сәуірден бастап күшіне енген 220300, 2204/220430-дан басқа), 2205, 2206, 2207, 2208, 2402 КН СЭҚ кодтары бойынша, сондай-ақ "Жеке тұлғалардың акциздерге жатпайтын тауарларын Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы алып өту нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 маусымдағы N 798 қаулысымен 1995 жылғы 12 маусымнан бастап күшіне енген 420310000, 4303, 650692000, 701321, 701331, 701391, 7113, 7114, 7116, 8703 КН СЭҚ кодтары бойынша акцизделетін тауарларды алып өту нормаларынан басқасы 1995 жылғы 15 шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

4. 0301, 0302, 0303, 0304, 0305, 1604, 271000330, 271000350, 271000610, 271000650, 271000690, 420310000, 4301, 4302, 701321, 701331, 701391, 710239000, 7113, 7114, 7116, 9303, 9304, 9305, 940510500 КН СЭҚ кодтары бойынша (тауарлар номенклатурасы КН СЭҚ кодымен де, сондай-ақ тауарлардың атауымен де белгіленеді) 1995 жылғы 15 шілдеге дейін әкелінген, шарт жасалған және толық төлем жасалған, оның ішінде Қазақстан Республикасының резиденті немесе резиденті емес басқа заңды тұлға төлем жасаған, сондай-ақ баспа-бас

операциялар бойынша төлем жасалған тауарлар жөнінде, егер де экспорттық өнім беру толық көлемінде 1995 жылғы 15 шілдеге дейін орындалған болса, онда 1995 жылғы 15 шілдеге дейін қолданылып келген акциздер ставкалары қ о л д а н ы л а д ы .

5. 1995 жылғы 15 шілдеден бастап мыналардың күші жойылған деп танылсын :

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден тысқары жерлерден әкелінетін импортталатын тауарларға салынатын акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 шілдедегі N 644 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж, N 31, 3 5 7 - б а п) ;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 шілдедегі N 664 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 мамырдағы N 556 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж, N 23, 240-бап);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 сәуірдегі N 513 "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлеріне арналған акциздердің ставкалары туралы" қаулысына

"Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін жекелеген

тауар түрлеріне арналған акциздердің ставкалары"; N 1 қосымшасы

"Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы акцизделуге жатпайтын акциздік тауарларды алып өту нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 маусымдағы N 798 қаулысына "Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың акцизделуге жатпайтын тауарларды алып өту нормалары" қосымшасының КН СЭҚ кодтары бойынша алып өту нормалары: 180631, 180632, 180690, 401110000, 57 топ, 6911.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 13 шілдедегі

N 960 қаулысына

N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының кеден аумағына

әкелінетін акцизделетін тауарларға арналған

Акциздердің ставкалары

Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының коды	Тауарлардың атауы	Кедендік құнға және бірлік өлшеміне байланысты эю-дегі * проценттен есептелген. дегі акциздердің ставкалары
---	-------------------	---

0301, 0302, 0303, Бекіре және қызыл балық,
0304,0305, 1604- бекіре және қызыл балық
дерден ** уылдырығы, бекіре және 100
қызыл балықтан дайындал.
ған деликатестер және
уылдырықтар

2203 00 Сыра 0,2 эю/литр

2204/2204 30-дан Шараптар, шампан шараптары 0,8 эю/литр
басқа/,2205 шарап материалдары 0,1 эю/литр

2206-дан

2207, 2208-ден ** Спирттің барлық түрлері*** 3,5 эю/литр
күшейтілген сусындар,
күшейтілген шырындар
мен бальзамдар, арақ,
ликер-арақ бұйымдары,
коньяктар 3,0 эю/литр

2402 ** Темекі бұйымдары, құра.- 2,0 эю/1000 дана
мында темекі бар басқа
да бұйымдар

271000330, Бензин (авиациялықты қоспағанда) 100 литр

271000350-ден

271000610,

271000650,

271000690-нан Дизель отыны 150 литр *

420310000-ден Табиғи теріден тігілген 3 зат
киімдер (комплект)

4301, 4302, 4303, Өңделген және өңделмеген 3 зат
650692000-ден мех терілері (көртышқан, үй (комплект)
қояны, ит, бұғы, қой терісі.-
нен басқа), пальтоны, шолақ
пальтоны, кеудешені, жамылғы.-
ны, палантинді, боа-ны,
шарфты, бас киімдерді және
жағаларды қосқанда табиғи
мехтардан жасалған бұйымдар,
тондар, пластиндер (көртыш.-
қан, үй қояны, ит, бұғы, қой
терісінен тігілген бұйымдардан
басқа) пальтолар, шолақ паль.-
толар, жакеттер, жамылғылар
мех сырмаларын қолдану арқылы
(көртышқан, үй қояны, ит, бұғы,
қой терісінен басқа)

701321, 701331 Хрустальдан жасалған бұйымдар, 3 комплект
701391, 940510500- хрустальдық жарық беретін (сервиз)
ден аспаптар

7113, 710239000, Алтыннан, платинадан немесе 5 зат
7114, 7116-дан күмістен жасалған зергерлік
бұйымдар

9303, 9304, 9305- Оқпен атылатын және газ қаруы 1 бірлік *
ден (мемлекеттік өкімет органдары.-
ның мұқтажы үшін алынғандардан
басқасы)

* Аталған норма сыртқы экономикалық қызметтің товарлық номенклатурасының коды бойынша бөлінбестен әкелінетін тауарлардың жалпы көлеміне белгіленеді. Әкелінетін тауарлар әкелінетін норма көлемінде акциздер салынуға жатқызылмай салық төлеушінің қалауы бойынша белгіленеді.

Тауарлардың номенклатурасы ТН СЭҚ коды секілді тауарлардың номенклатурасымен де белгіленеді.

** Бұл норма көлік құралын бір жыл ішінде бір адамның алып келуі кезінде басқаға беруге немесе басқаның иелігіне өткізуге кедендік ресімдеу сәтінен бастап екі жыл ішінде басқаның пайдалануына бермеген жағдайда акциз салынбайды. Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1995.

*** Ликер-арақ бұйымдарын, күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар, шарап, бальзамдар жасауға арналған спирттің барлық түрлері тауар өндірушіге аталған өнімдерді өндіруге құқық беретін лицензиясы болған жағдайда акциздер төлемей босатылады.

30.10. N 1397 қаулысымен.

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1995.11.02.

N 1439 қаулысымен.

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.

03.25. N 341 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 13 шілдедегі

N 960 қаулысына

N 2 қосымша

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы акциз салынуға жатпайтын акцизделетін тауарларды

Алып өту нормалары

Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының коды	Тауарлардың атауы	Алып өту нормалары (бір адамға есеп.- тегенде)
---	-------------------	--

1	2	3
---	---	---

03010,0302,0303, 0304, 0305, 1604-	Бекіре және қызыл балықтар, бекіре және қызыл балықтардың дан уылдырықтары, бекіре және қызыл балықтардан дайындалған деликатестер және уылдырықтар	3 кг(нетто) *
---------------------------------------	---	---------------

2203 00	Сыра	5 литр *
---------	------	----------

2204(2204 30-дан басқа) 2205, 2206, 2207, 2208-ден	Шараптар, шарап материалдары, шампан-шараптары, коньяктар, спирттің барлық түрлері, күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар, арақ, ликер-арақ бұйымдары	5 литр *
--	---	----------

2402	Темекі бұйымдары, басқа да құрамында темекі бар бұйымдар	1000 дана
------	---	-----------

271000330, 271000350-ден **	Бензин (авиациялықты қоспағанда)	20
--------------------------------	----------------------------------	----

271000610, 271000650, 271000690-нан **	Дизель отыны	5
--	--------------	---

420310000	** Табиғи теріден тігілген киім	50
-----------	---------------------------------	----

4301, 4302, 4303, Өңделген және өңделмеген мех 50
650692000-нан ** терілері (көртышқан, үй қояны,
ит, бұғы, қой терілерінен басқа)
пальтоны, шолақ пальтоны,
кеудешені, жамылғыны, палантинді,
боа-ны, шарфты, бас киімдерді және
жағаларды, тондарды, пластиндерді
(көртышқан, үй қояндары, ит, бұғы,
қой терісінен жасалған бұйымдарды
қоспағанда), мехтардан жиек салу
арқылы тігілген пальтолар, шолақ
пальтолар, кеудешелер, жамылғылар
(көртышқанның, үй қоянының, иттің,
бұғының, қойдың мехтарын қоспағанда)

701321, 701331, Хрустальдан жасалған бұйымдар, 50
701391, 940510500- хрустальдық жарық аспаптары
ден

7113, 710239000, Алтыннан, платинадан немесе күмістен 40
7114, 7116-дан жасалған зергерлік бұйымдар

8703 Жеңіл автомобильдер 25

9303, 9304, Оқпен атылатын және газ қаруы 40
9305-тен (мемлекеттік өкімет органдарының
мұқтажы үшін алынғандардан басқасы)

* Эцю кедендік төлемдерді төлеу үшін Қазақстан Республикасының
Ұлттық банкісінің бағамы бойынша кеден заңында белгіленген
күні теңгемен қайта есептелінеді.

** Тауарлардың номенклатурасы КН СЭҚ коды секілді тауарлардың
атауымен де белгіленеді.

*** Тағам шикізатынан өндірілетін тазартылған этил спирті,
күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар, шараптар,
бальзамдар, аталған өнімдерді өндіруге құқық беретін
лицензиялары болған кезде тауар өндірушілерге акциздер

төлемей босатылады.

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.

03.25. N 341 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК